

Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін құжаттарды ұсыну мен қарау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы N 147 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2227. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 15 шілдедегі N 147 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.07.15 N 147 бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес және "Білім беру қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысын орындау үшін БҰҰЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін құжаттарды ұсыну мен қарау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім департаменті (Б.С.Әбдрәсілов):

осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын;

осы бұйрықты жоғары оқу орындарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-министр Ғ.М.Мұтановқа жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2003 жылғы 11 наурыздағы
N 147 бұйрығымен бекітілген

Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін құжаттарды ұсыну мен қарау жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық білім беру ұйымдарының құжаттарды лицензиялауға ұсынуын, оларды қараудың тәртібін және лицензиардың лицензиядағы

талаптардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруды тәптіштейді (бұдан әрі - Нұсқаулық) және " Білім туралы ", " Лицензиялау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық лицензиардың білім беру қызметін лицензиялаудың шарттары туралы толық ақпаратты беру мақсатында әзірленді.

2. Лицензиялауға құжаттарды ұсынудың шарттары

3. Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін білім беру ұйымы лицензиарға мынадай құжаттардың тізбесін ұсынады:

1) лицензия алуға арналған өтініш (1-қосымша);

2) заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген және нотариалдық расталған құрылтайшы құжаттардың көшірмелері. Егер мемлекеттік емес оқу орындары құрылтайшыларының құрамына мемлекеттік заңды тұлғалар кіретін болса, онда осыған бағыныстылығы жөніндегі басқару органының келісімін ұсыну қажет. Егер филиал өтініш берген болса, онда филиал туралы ережені ұсыну қажет;

3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігінің көшірмесі;

4) мемлекеттік стандарттарға сәйкес жасалған және білім беру ұйымының басшысы бекіткен жұмыс оқу жоспары, оның ішінде кәсіптер, мамандықтар б о й ы н ш а ;

5) оқытушы кадрлармен жабдықтау туралы мәліметтер әр кәсіп, мамандық б о й ы н ш а ұ с ы н ы л а д ы (2 - қ о с ы м ш а) ;

6) тамақтану объектілерімен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілгендігі т у р а л ы а н ы қ т а м а ;

7) қордың оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиетпен қамтамасыз етілгендігі, әр пәннің, оның ішінде білім беру ұйымы мен кітапхананың басшысы растаған, оқулық немесе оқу құралы ретінде бекітілген атауын, авторын(ларын), басылып шығарылған жылы мен даналардың санын (әдебиеттің меншік екендігі расталған құжаттарды бірге салып) көрсетіп әр кәсіп, мамандық бойынша электрондық және магниттік тасушыларда қамтамасыз етілгендігі туралы мәліметтер (3 және 4 - қ о с ы м ш а) ;

8) білім беру ұйымының басшысы растаған оқушылардың толықтығы, пайдалы оқу алаңы мен материалдық-техникалық базаның барлығы және оқытудың техникалық құралдары, білім беру процесінің жарақтандырылғаны туралы мәліметтер (5 және 6-қосымша);

9) ұсынылған мамандықтар бойынша практиканың базасы ретінде (жұмыс оқу жоспарларына сәйкес) белгіленген ұйымдармен білім беру ұйымдары шарттарының нотариалдық куәландырылған көшірмелерінің барлығы;

10) лицензия алымын төлегенін растайтын құжат.

3. Лицензиялауға ұсынылған құжаттарды лицензиаттың қарау, лицензия беру тәртібі

4. Лицензиялауға ұсынылған құжаттардың 3 және 5-тармақшадағы шарттарға сәйкес келген жағдайында, олардың мазмұнына және өтінімделген шарттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін (сәйкес еместігін) белгілеу жөнінде сараптама жүргізіледі. Жауапты орындаушы қол қойған жазбаша қорытынды Білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі республикалық комиссияның қарауына беріледі. Егер тізбеде көзделген қандай-да бір құжат жоқ болса, онда лицензиатқа бір ай мерзімде тиісті жауап жіберіледі.

5. Алқалылық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін лицензияларды беру туралы мәселелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен құрылатын Білім беру қызметін лицензиялау жөніндегі республикалық комиссияның мәжілістерінде қаралады. Комиссияның шешімі ұсынымдамалық сипатта болады.

6. Лицензиаттың өтінішін қарау процесінде ұсынылған құжаттардың қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайында, лицензиар жекелеген жағдайда, білім беру қызметін жүзеге асыруға қажетті шарттарды, білім беру ұйымының өтінімделген құжаттарға сәйкестігін белгілеу мақсатында ұйым орналасқан жерге барып сараптама өткізеді.

7. Өтініш беруші ұсынған құжаттарды қараудың нәтижелері, сондай-ақ білім беру ұйымы тұрған жерде жүргізілген тексерістің нәтижелері бойынша лицензиар лицензия беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.

8. Филиалдары бар білім беру ұйымдарына мемлекеттік лицензияға мамандықтардың тізбесі көрсетіліп қосымшалар беріледі.

9. Қайта берілген өтініш көрсетілген ескертулерді жойғаннан кейін жалпы негізде қаралады.

10. Лицензиялауға ұсынылған құжаттарды зерделеудің пәні мен мазмұны мыналар болып табылады:

- 1) білім беру ұйымын немесе мамандықтарды лицензиялауға өтініш;
- 2) білім беру ұйымын тіркеу туралы куәлік;
- 3) құрылтайшы құжаттар;
- 4) білім беру ұйымының құрылымы туралы жалпы мәліметтер;
- 5) заңды тұлғалар ұсынатын білім беру процесін жүзеге асыратын шарттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу;
- 6) білім беру ұйымының өтінімделген мәртебесін растау;
- 7) үлгілік және жұмыс оқу жоспарларының, мамандықтардың үлгілік және жұмыс оқу бағдарламаларының мазмұнының сәйкестігін белгілеу; оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етудің мамандарды даярлаудың қазіргі

талаптарына сәйкестігін белгілеу;

8) бар материалдық-техникалық базаның меншіктілігін белгілеу. Иелік етуге, мамандарды даярлауға арналған үй-жайларды пайдалану құқын растайтын құжаттарды зерделеу, оны дамытудың мүмкіндіктері;

9) оқу-тәрбие процесінің материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу бөлігіндегі талаптардың мемлекеттік стандарттарға, мамандарды даярлаудың сапасын қамтамасыз етуге және оқушылардың, тәрбиешілер мен қызметкерлердің денсаулығын қорғауға бағытталған санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы және құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестігін белгілеу;

10) оқу үй-жайлары жабдықтарының барлығын және олардың оқу жоспары мен бағдарламаларын орындауын қамтамасыз етудің мүмкіндігін белгілеу;

11) білім беру ұйымдарының кітапханамен, кітапхана қорымен, оқулық, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен, оқу залымен қамтамасыз етілуінің болуы мен деңгейін, бар оқу және ғылыми әдебиеттің қол жетімділігін, сапасы мен прогрессивтілігін белгілейді;

12) білім беру процесінің кадрлық қамтамасыз етілу деңгейін белгілеу, оқытушы және ғылыми ұжымдардың біліктілік құрамын зерделеу;

13) білім беру бағдарламалары ұсынатын оқыту мен тәрбиелеудің шарттары;

14) оқуды бітіргеннен кейін берілетін дәреже мен біліктілік;

15) даярлықтың бағыттары (мамандықтары), бейіні.

4. Лицензияларды есепке алу

11. Кәсіптік білім беру ұйымдарының мемлекеттік лицензиясын есепке алу кезінде кодын және мамандықтардың (кәсіптерін) атауларын, оқу мерзімін тізбелеп қосымшаларды ұсыну міндетті.

12. Лицензиялардың есебін 7-қосымшаға сәйкес лицензиар лицензиардың тіркеу және есепке алу кітабында жүргізеді. Лицензияны алу кезінде міндетті түрде сенім жүктелген адамның тұлғасын және лицензия алу құқына сенімхатты растайтын құжат болуы тиіс. Лицензияның жаңа бланкілерін қайта ресімдеу мен беру кезінде бұрын қолданыста болған лицензия қайтарылуға жатады.

13. Білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияның нысаны Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірыңғай болып табылады.

14. Мемлекеттік лицензияның бланкілері қатаң есептегі құжаттар болып табылады, есептік сериясы, нөмірі болады және лицензиарда сақталады.

1-қосымша

(лицензиялау органының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

(Қазақстан Республикасының аумағындағы нақты елді мекенді көрсету)
_____ аумағында

білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын.

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны _____
2. Құрылған жылы _____
3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі _____

(N, кім және қашан берілді)

4. Мекен-жайы _____
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй N, телефон, факс)

5. Есеп шоты _____
(шоттың N, банктің атауы мен орналасқан жері)

6. Филиалдар, өкілеттіктер _____
(орналасқан жері, реквизиттері)

7. Ұсынылатын құжаттар _____

Білім беру ұйымының басшысы

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

М ө р д і ң

о р н ы

" _____ " _____ 200 ж.

" _____ " _____ 200 ж. өтініш қарауға алынды

(жауапты адамның, лицензиардың тегі, аты-жөні, қолы)

2-қосымша

Педагог және оқытушы кадрлармен жиынтықтылау жөніндегі мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ (күні) жағдайы бойынша)

N|Тегі,|Жылы |Туған |Базалық|Негіз.| |Ғылыми|Ғылыми|Оқы.
|аты- |және |жері. |білімі,| гі | |дәре. |атағы |тыла.
|жөні |туған|нің |маман. |жұмыс |_____|жесі, |(сала.|тын
| |жері |мекен-|дығы, |орны | | | | |маманд. сы |пән,
| | | |жайы |бітір. |(Ұйым.|I |II|III|IV|шифры,|бойын.|са.
| | | |ген |ның | | | | |беріл. |ша), |бақ
			жылы	мекен-					ген	та.
				жайы)					жылы	ғайын.
										далған
										жылы

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15

Ректор (директор, меңгеруші) _____

М.О

Кадр бөлімінің бастығы _____

3-қосымша

Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет қорының барлығы жөніндегі мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ (күні) жағдайы бойынша)

N|Кәсіп, мамандық| Пән зерде. |Тәрбиелеу және| Пайдалануға | Саны
| бойынша оқу | лейтін | оқыту бағдар.|болады деп ҚР | дана/
| пәні, қызмет |оқушылардың,| көрсетілген | Орталық | адам
түрі, тәрбие	тәрбиелену.	оқу әдебиеті	атқарушы	
және оқыту	шілердің	(атауы, басыл.	органы	
бағдарламасының	саны	ған жылы,	ұсынымдаған	
бөлімі		авторлар),	қосымша оқу	
			міндетті	әдебиеті
			оқытылатын	(атауы,
			пәндер	басылған жылы,

				авторлар)	
1	2	3	4	5	6

Білім беру ұйымының басшысы _____ (Тегі, аты-жөні)

М.О

Кітапханашы _____ (Тегі, аты-жөні)

4-қосымша

**Электрондық және магниттік тасушылардағы оқу,
оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет қорының барлығы жөніндегі
мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ (күні) жағдайы бойынша)

N	Кәсіп, мамандық бойынша оқу пәні, қызмет түрі, тәрбие және оқыту бағдарламасының бөлімдері	Атауы, ашылған жылы	Автор(лар)	Мегабайттағы көлемі
---	---	---------------------------	------------	------------------------

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Білім беру ұйымының басшысы _____ (Тегі, аты-жөні)

М.О

Кітапханашы _____ (Тегі, аты-жөні)

5-қосымша

**Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық база мен оқытудың
техникалық құралдарының барлығы жөніндегі мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы)

(_____ (күні) жағдайы бойынша)

Құрылым үлгісі|Материалдық-|Барлық |Әлеуметтік-тұрмыс.| Техникалық
(үлгі жоба, | қаржылық | жалпы | тық және басқа | сипаттама.
бейімдендіріл.| активтер | алаңы |бағыттағы үй-жай. |лары, олардың
ген, өзге) | (меншік |(шаршы |лардың түрі (прак.| саны көрсе.
білім беру | құқына, |метр), |тикалық сабақтарға| тілген ТСО,
процесіне |шаруашылық |пайдалы|арналған кабинет. |компьютерлік
берілген | жүргізуге | алаңы | тер, дәрістік |техниканың
құрылымдардың |немесе жедел|(ш.м.),| аудиториялар, | тізбесі
нақты мекен- | басқаруға |оқу бөл. зертханалар, |
жайы | жататын) | мелері| мамандық бойынша |
		(ш.м.)	шеберханалар, акт
		және дене шынықты.	
		ру залдары),	
		олардың саны	

1

2

3

4

5

М.О Білім беру ұйымының басшысы _____ (Тегі, аты-жөні)
б-қосымша

Жалпы білім беретін мектептердің материалдық базасы туралы мәліметтер

(білім беру ұйымының атауы)
(_____ (күні) жағдайы бойынша)

Жоғары сынып| Кабинеттердің, залдардың, | Оқу- |Мектепке|Авто.
оқушыларын | топтық үй-жайлардың | өндіріс. дейінгі|Кө.
оқытудың | барлығы | тік |учаске. |лік
бейіні, | _____| шебер.| лер, |құ.
мектепке |музы.|физи.|химия|био. |Басқалар|ханалар|топтық, |рал.
дейінгі ұйым. ка | ка | |логия|(қандай |(атау. | ойын |дары
ның жұмыс | | | | |екен. |ларын | учаске.|
бағыттары | | | | |дерін |көрсету) лері |
| | | | |көрсету)| | |

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

М.О. Ұйымның басшысы _____ (Тегі, аты-жөні)

7-қосымша

Лицензияларды есепке алу кітабы

Лицензия. сериясы N	Білім беру ұйымының немесе ғылыми мекеменің атауы	Заңды мекен- жайы, телефоны	Лицензия берілген күні,	Заңды тұлғаның тегі аты- негіздеме, мерзімі	Лицензия алған күн және қолы жөні, лауазымы
---------------------------	--	-----------------------------------	-------------------------------	---	---

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---